



Пірзадаев Арман Нұрғабұлұлы,
«КазГЮУ Consulting» ЖШС директоры,
Қазақ гуманитарлық заң университетінің PhD докторанты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ КЕЙБІР МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ РЕТТЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Меншікке қарсы қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінен алынған мәліметтерге назар аударсақ, меншікке қарсы қылмыстардың жалпы қылмыстылық ішінде алатын орнының жоғары екенін аңғаруға болады. Мәселен 2010 жылы республикамызда тіркелген жалпы қылмыстар саны 131 896 болса, оның ішінде меншікке қарсы қылмыстар 89 004 құраған. 2011 жылы тіркелген жалпы қылмыстар саны 206 801 болса, оның ішінде меншікке қарсы қылмыстар 165 493 құраған. 2012 жылы тіркелген жалпы қылмыстар саны 287 681 болса, оның ішінде меншікке қарсы қылмыстар 233 642 құраған. 2013 жылы тіркелген жалпы қылмыстар саны 359 844 болса, оның ішінде меншікке қарсы қылмыстар 280 346 құраған [1].

Өзіміз көріп отырғандай, соңғы 5 жылдықта елімізде жүргізіліп жатқан қылмыстармен күрес шараларына қарамастан, сонымен қатар мемлекет тарапынан күресу аппараттарының (құқыққорғау органдарының) саны мен сапасы артқанына қарамастан қылмыстылық көрсеткіштері төмендеу орнына артып отыр. Оның бірнеше себептерін көрсетуге болады:

- қылмыстылықпен күрес бойынша мемлекеттік аппараттар жұмысының өзара үйлесімі мен күшейтілген режимдегі жұмысы;

- аталған топтағы қылмыстардың латенттік деңгейі өте жоғары, тіркеуге жетпеу немесе тіркеуден жасырылу фактілері көптеп анықталып, жалпы қылмыстылық санының артуына әкелді;

- істелген қылмыстық іс-әрекеттер үшін қолданылатын жазалардың қатаңдауы;

- қылмыстылықтың алдын алуға байланысты

кешенді криминологиялық болжамдардың жүргізілмеуі;

- әлемдік жаһандану жағдайында қылмыс істеу құралдары мен тәсілдері үнемі жетілдіріле түсіп қылмыстармен күрес шараларының алдын орап кетуі;

- 2010-2012 жж. бастап қылмыстар бойынша барлық арыздар мен хабарламалар құқыққорғау органдарында біріңғай тіркеу жүйесін енгізу нәтижесінде сапаға емес санға таласу жағдайларының орын алуымен түсіндіріледі.

Әрі қарай талдауымызды жалғастыратын болсақ, осы меншікке қарсы қылмыстар арасында бөтеннің мүлкін талан тараждаудамен байланысты қылмыстардың үлес салмағы жылдар бойынша төмендегідей картинаны көрсетеді:

2010 жылы Ұрлық (175-бап)- 59988; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету (176-бап) – 2006; Алаяқтық (177-бап) – 10115; Тонау (178-бап) – 10734; Қарақшылық (179-бап) – 1591; Ерекше құны бар заттарды талан тараждау (180-бап) – 4.

2011 жылы Ұрлық (175-бап)- 121617; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету (176-бап) – 2266; Алаяқтық (177-бап) – 15909; Тонау (178-бап) – 18117; Қарақшылық (179-бап) – 1962; Ерекше құны бар заттарды талан тараждау (180-бап) – 3.

2012 жылы Ұрлық (175-бап)- 178461; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету (176-бап) – 2479; Алаяқтық (177-бап) – 23262; Тонау (178-бап) – 20269; Қарақшылық (179-бап) – 1666; Ерекше құны бар заттарды талан тараждау (180-бап) – 4.

2013 жылы Ұрлық (175-бап)- 210204; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену

немесе ысырап ету (176-бап) – 3757; Алаяқтық (177-бап) – 36405; Тонау (178-бап) – 18837; Қарақшылық (179-бап) – 1361; Ерекше құны бар заттарды талан тараждау (180-бап) – 4. [1]

Бөтеннің мүлкін талан-тараждаудан келетін қылмыстардан келетін зардаптардың материалдық зиянын ғана бүгінгі таңда елімізде тіркеп мәліметтер базасына енгізіп отыр. Оларға көз жүгіртіп көрейік.

2010 жыл мен 2013 жылғы істелген барлық қылмыстардан келетін материалдық зиян сомасы мен олардың қайтарылуына қатысты статистикалық мәліметтер салыстырылып, төмендегідей мәліметтер тіркелген:

2010 жылы 216261055,457 тенге зиян келсе, 12008311,543 мүлікке тыйым салынған, ал 54315298,530 ерікті немесе мәжбүрлі түрде қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстардан 52553176,000 тенге, 1134152,866 мүлікке тыйым салынған, 20628592,777 теңге бюджетке қайтарылған.

2011 жылы 152939612,065 тенге зиян келсе, 3243939,296 теңгенің мүлкіне тыйым салынған, 41026413,980 теңгенің мүлкі қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстардан 36549169,833 теңге материалдық шығын келген, 2127866,354 теңге мүлкіне тыйым салынып, 12446656,704 теңгенің мүлкі қайтарылған.

2012 жылы 79976310,492 тенге зиян келсе, 15416867,325 мүлікке тыйым салынған, ал 21437236,594 бюджетке қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстардан 40190062,239 теңге материалдық шығын келген, 7868726,598 теңгенің мүлкіне тыйым салынып, 14449935,683 теңгенің мүлкі қайтарылған.

2013 жылы 239377234,920 тенге зиян келсе, 50419532,501 теңгенің мүлкіне тыйым салынған, 41877454,972 теңгенің мүлкі қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстардан 52342286,768 теңге материалдық шығын келген, 1722741,149 теңгенің мүлкіне тыйым салынып, 7831577,798 теңгенің мүлкі қайтарылған.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауындағы құқықтық реформаларды жүргізу бойынша тапсырмасының орындалу негізінде әзірленіп 2015 жылдың 1-қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа Қазақстан Республикасының

Қылмыстық Кодексында жоғарыда көрсетілген қазіргі таңдағы жалпы қылмыстылықтың ауқымды бөлігін құрап отырған өзекті мәселе меншікке қарсы қылмыстардың құқықтық реттелуі ескерусіз қалмады.

Мысалы қазіргі қолданыстағы қылмыстық кодексте меншікті талан-таражға салу түсінігіне, жалпы қылмыстық кодекстегі ұғымдарды түсіндіруге арналған арнайы бап болмаған.

Ал жаңа кодекстің 3-бабында «Осы Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру» деп аталып оның 17-бөлімінде «жымқыру – бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру» деп көрсетілген. Бұрын бұл түсінік 175-баптың ескертуінде «ұрлық» деп аталып ғылыми әдебиеттерде «бөтеннің мүлкін талан-тараждау» деп қолданылып «ұрлық» – деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады. Яғни, «ұрлық» түсінігі «жымқыру» түсінігіне, сонымен қатар «айыпты» «кінәлі адам» түсінігіне ауыстырылған. «Кінә» түсінігінің «кінәлі адам» түсінігімен байланыстырылып бірізділендірілуі қуантатын болса, «хищение» сөзінің бұл жолы «жымқыру» сөзіне аударылып қолдануы біздің ойымызша қателеу секілді. Себебі «жымқыру» - қазақта әрекеттің жасырын түрде жасалынғандығын сипаттайды. Барлық пайдакүнемдік мақсаттағы қылмыстар жасырын жасалынбайды. Ал, бұрынғы «ұрлық» түсінігі кеңірек, нағыз пайдакүнемдік мақсатты айқындайды. Сондықтан да, заң шығарушылардың «жымқыру» орнына «ұрлау» түсінігін, ал жаңа кодекстегі 188-бапты «жымқыру» деп ауыстыру керек деп ойлаймыз. Сонымен қатар, «талан-тараждау» түсінігінің жаңа кодекстің 189-бабында қолданыстағы «ысырап ету» сөз тіркесін ауыстыруы орынды деп санаймыз.

Қолданыстағы қылмыстық кодекстің 6-тарауы «Меншікке қарсы қылмыстар» деп аталса жаңа кодексте «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталған. Яғни, бұрынғы «қылмыскер» енді «қылмыстық құқық бұзушы» деп аталмақ.

Қолданыстағы 6-тарау 175-188 баптар аралығын қамтыған 17 баптан тұрса, жаңа кодекс

187-204 баптарды қамтитын 18 бапты қамтиды. Сонымен қатар, бұрын 183-1, 184-1 болып жазылған баптар енді ретті арнайы баптармен жазылған.

Енді осы баптардың жаңа кодекстегі реттелуінің барлығына тоқтамай қолданыстағы заңнамада «талан-таражға салу» ал жаңаша «жымқыру» бойынша қылмыс құқық бұзушылықтардың ішіндегі көп тараған «188-бап – ұрлықты» және жаңа енгізілген «187-бап – ұсақ-түйек жымқыруды» қарастырайық.

Жаңа кодекстегі тағы бір қуантарлық жағдай, ол – заң шығарушымен «жымқыру» қылмыстық құқық бұзушылықтың оның келтіретін зардабының деңгейіне байланысты арнайы бап енгізіп,

187-бап. Ұсақ-түйек жымқыру.

1. Ұсақ-түйек жымқыру, яғни болмашы мөлшерде жасалған, бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық, иемденіп алу немесе талан-таражға салу, –

бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған ұсақ-түйек жымқыру

– бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады деп қарастырған.

Қолданыстағы кодекстің 175-бабының Ескертуінің 2, 2-1, 5 пункттерімен, яғни: Ескерту.

1. Осы Кодекстің баптарында ұрлық деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады.

2. Осы Кодекстің 184, 184-1-баптарын қоспағанда, осы тараудың баптарында ірі мөлшер немесе ірі залал деп қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мүліктің құны мен залалдың мөлшері танылады.

2-1. Осы тараудың баптарында аса ірі мөлшер немесе залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асып түсетін мүліктің құны немесе залалдың мөлшері танылады.

5. Меншік құқығында ұйымға тиесілі немесе оның қарамағындағы бөтен біреудің мүлкін ұрлау, алаяқтық жасау, иемденіп алу немесе ысырап ету жолымен жасалған ұсақ-түйек ұрлау қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды. Оны жасауға кінәлі адам заңға сәйкес әкімшілік жауапқа тартылады. Егер ұрланған мүліктің құны әрекет жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын болса, ұрлық ұсақ-түйек ұрлау деп танылады деп жазылған.

Сонымен қатар жаңа кодекстің 3-бабының 10-бөлімі «болмашы мөлшерге» – «187-бапта – ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құны» - деп анықтама берілген.

Алайда, жаңа кодекстегі 187-баптың 1 бөлімінің диспозициясы біріншіден, осы жымқырудың ұсақ-түйектігі емес «болмашы мөлшерде жасалған» деп қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттің мөлшерін қамтығандай сипатталған. Мысалы: «бір реттен артпайтын» деген секілді. Бұл жерде аудармашы осы баптың 2-бөлімі «бірнеше рет жасалған ұсақ-түйек жымқыру» болғандықтан бірінші бөлімнің мазмұнын түсінбегендей. Екіншіден, тонау, қарақшылық жымқыруға жатпайды ма? Бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе талан таражға салу бұл жерде ұрлықтың, алаяқтықтың, қарақшылықтың, тонаудың аяқталған дәрежесі ретінде қарастырылып тұрғандай немесе 189 баптағыдай «Сеніп тапсырылған» деген сөз тіркесін қосу керек. Сонымен қатар, заңнамада «болмашы мөлшер» деген сөздің қолдануы дұрыс емес секілді, сондықтан ҚК 3-бап 10 бөлімін «аз мөлшер» немесе «ұсақ мөлшер» деп ауыстырған дұрыс деп ойлаймыз.

Сондықтан осы 187-баптың келесі мазмұнда жазылуын ұсынамыз:

187-бап. Ұсақ мөлшерде ұрлау

1. Ұсақ мөлшерде ұрлау, яғни аз мөлшерде залал тудырған, бөтеннің мүлкін жымқыру, алаяқтық, иемденіп алу немесе талан-таражға салу, тонау, қарақшылық жасау, –.....

2. Бірнеше рет ұсақ мөлшерде ұрлау –.....

188-бап. Ұрлық

1. Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен;

4) ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық –

мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Ірі мөлшерде жасалған ұрлық –

мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Мынадай:

1) қылмыстық топ жасаған; (осы баптың 2 тармағының 1 бөліміндегі адамдар тобының алдын-ала сөз байласуымен бірдей түсінік емес пе? Менің ойымша алдын-ала сөз байласу ол қылмыстық топтың – қылмысқа қатысудың бір белгісі. ҚК 36.: 24) қылмыстық топ – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым;

25) қылмыстық ұйым – қатысушылары ұйымдық, функционалдық және (немесе) аумақтық окшауланған топтарға (құрылымдық бөлімшелерге) бөлінген ұйымдасқан топ;)

2) мұнай-газ құбырынан; –

3) аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қолданыстағы кодексте:

175-бап. Ұрлық

1. Ұрлық, яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау - екі жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексеннен екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі

жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейін бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралының салонына заңсыз кірумен;

г) мұнай-газ құбырынан жасалған ұрлық -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мынадай:

б) ірі мөлшерде жасалған ұрлық –

мүлкі тәркіленіп үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Мынадай:

а) ұйымдасқан топ жасаған;

б) аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық, -

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Айырмашылық, біріншіден, баптың есептік ретінің 175-тен 188-ге ауысуы, екіншіден, жоғарыда атап өткен «ұрлау» орнына «жымқыру», үшіншіден, санкциядағы жазаның қатандалуы яғни, мүлкі тәркілену немесе онсыз бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл салынуы. Алайда, қолданыстағы кодексте «кемінде екі жүз айлық есептік көрсеткіштен» деп айыппұлдың төменге мәжесі бекітілген болатын. Төртіншіден, осы баптың құрылымының, яғни 2-бөлімінің 4-пунктпен «ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық» толтырылуы. Бұл заң шығарушының заман талабына сай уақытылы жасаған қадамы деп білеміз. Себебі қазіргі таңда қоғамдық қатынастардың елеулі бөлігі электронды форматқа көшті және бұл өзгерістер қылмыстық құқықбұзушылардың да әдіс-тәсілдерін жетілдіруге итермелеп отыр.

Бесіншіден, қолданыстағы кодексте осы бөлімде орын алған «мұнай газ құбырынан жасалған» ұрлықтың жаңа кодексте осы баптың 4-бөлімінің ауырлататын санатқа енгізілгенін байқаймыз.

Алтыншыдан, жаңа кодекстің осы бабының 2-бөлімінің санкциясына «үш мың айлық есептік

көрестікке дейінгі мөлшерде айыппұл салу» мүмкіндігі қарастырылған.

Жетіншіден, осы баптың 2-бөліміндегі «тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен» және 4-бөліміндегі «мұнай газ құбырынан» деп қылмыстың жасалу орнына байланысты жаза тағайындалып саралануы біздің ойымызша дұрыс емес секілді. Себебі, қылмыстық құқық бұзушылық оны емес сол құқық бұзушылықтан келетін зардап ескеріліп, ол залалдардың деңгейіне сәйкес жаза белгіленсе дұрыс және қылмыстық құқық бұзушылықтың кейбір орындарын арнайы кодексте енгізуге міндеттемейді деп ойлаймыз.

Қорыта келе, бұл баптың да 1-бөлімінің диспозициясын келесі мәтінмен басталуын ұсынамыз:

188-бап. Жымқыру.

1. Жымқыру, яғни бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау —.....

Ал, «тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен» яғни, 2-бөлімнің 3-пунктін және «мұнай газ құбырынан» делінген 4-бөлімнің 2-пунктін алып тастау керек секілді.

Сонымен қатар осы баптың барлық бөлімдерінің санкцияларына ең алдымен «жәбірленушіге келтірген залалдың орнын толтырып» деген сөйлеммен басталатын жаңа әділетті талап қою және сәйкесінше жаңа кодекстің 40-бабының 1, 2- бөлімдеріне де осы жаза түсінігі енгізілуі дұрыс деп ойлаймыз, оған қоса жаңа ҚР ҚК 3 бабына «жымқыру» бойынша жасалынатын қылмыстар деп 29, 30 бөлімдердегідей қылмыстардың тізімінің қосуылуы заң қолданушыларға ыңғайлы болатынына сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қылмыстық кодексі
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі



Мақалада қазіргі таңдағы меншікке қарсы қылмыстылықтың динамикалық көрсеткіштері және олардан келетін зардаптардың құны және 2015 жылдың 1-қаңтарынан күшіне енетін Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіндегі қазіргі қолданыстағы қылмыстық кодекстен меншікке қарсы қылмыстар оның ішінде бөтеннің меншігін талан-тараждаумен байланысты «ұрлықтың» кейбір қылмыстық құқықтық мәселелеріне арналған.

Түйін сөздер: меншікке қарсы қылмыстар, талан-тараждау, жымқыру, ұрлық.

В статье рассматриваются динамика преступности против собственности и некоторые уголовно-правовые проблемы регулирования «кражи» по новому Уголовному кодексу Республики Казахстан (на государственном языке), которой вступит в силу с 01 января 2015 года.

Ключевые слова: преступление против собственности, хищение, кража.

The article examines the dynamics of crime against property and some criminal law in the regulation of "Theft" under the new Criminal code of the Republic of Kazakhstan on state language which will come into force from 01 January 2015.

Keywords: crime against property, theft.

Арман Нұрғабылұлы Пірзадаев,

«КазГЮУ Consulting» ЖШС директоры, Қазақ гуманитарлық заң университетінің PhD докторанты

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіндегі меншікке қарсы кейбір қылмыстардың реттелу ерекшеліктері

Пирзадаев Арман Нургабылович,
директор ТОО «КазГЮУ Consulting», докторант PhD Казахского гуманитарно-юридического университета

Особенности регулирования некоторых преступлений против собственности по новому Уголовному кодексу Республики Казахстан

Pirzadayev Arman Nurgabylovich,
Director of LLP «KHLU Consulting», PhD Student of the KAZGUU UNIVERSITY
Features of regulation of certain crimes against property under the new Criminal Code of the Republic of Kazakhstan

